«Құрылғылардың таратылған қорғалған тізілімі» ақпараттық жүйесі

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

2026

Мазмұны

Терминдер мен анықтамалар 4
1. Кіріспе..... 6
1.1. Қолданылу саласы..... 6
1.2. Мүмкіндіктердің қысқаша сипаттамасы..... 6
1.3. Пайдаланушының дайындық деңгейі 6
1.4. Пайдаланушының танысуына арналған құжаттама тізбесі 6
1.5. Аппараттық қамтамасыз ету 6
1.6. Бағдарламалық қамтамасыз ету..... 7
2. Жүйеде ДК және ноутбуктерден жұмыс істеу 8
2.1. ҚР ҰКО ГОСТ 2015 ЭЦҚ арқылы авторизациялау..... 8
2.1.1.Жеке тұлғаның жүйеге алғашқы қосылуы 8
2.1.2.Жеке тұлғаның жүйеге қосылу шарттары 14
3. Порталдың негізгі мәзірі 16
3.1. Пайдаланушы профилі..... 16
3.2. Паспорт нөмірін өңдеу..... 17
4. Алдын ала тексеруге өтінім 18
4.1. Алдын ала тексеруге өтінім жасау 18
4.1.1.Алдын ала тексеру нәтижелерін қарау 19
5. Верификациялауға өтінім..... 21
5.1. Жеке пайдалануға арналған тауарларды бажсыз әкелу нормалары 21
5.2. 1-қадам: Өтінім түрін таңдаңыз..... 21
5.3. 2-қадам: Растайтын ақпаратты енгізіңіз 22
5.3.1.Әкелу тәсілін таңдау: Алып жүретін багаж (өз бетінше) 23
5.3.2. Әкелу тәсілін таңдау: Алып жүрілмейтін багаж (сәлемдеме) 27
5.4. 3-қадам Құрылғы туралы ақпаратты енгізіңіз..... 33
5.5. Деректерді растау және өтінімге қол қою 34
5.6. Жобалар..... 35
6. «Жеке тұлғаларға арналған басқа құрылғыларды верификациялау» өтінім түрі 37
6.1. 1-қадам: Өтінім түрін таңдаңыз..... 37
7.2. 2-қадам: Құрылғы туралы ақпаратты енгізіңіз 37
8. «Мәліметтерді түзету» өтінім түрі 40
8.1. 1-қадам: Өтінім түрін таңдаңыз..... 40
8.2. 2-қадам: Қолдау қызметіне жүгіну..... 40
8.4. Деректерді растау және өтінімге қол қою 41
9. Менің өтінімдерім..... 43
9.1. Құрылғыны верификациялауға арналған өтінімді өңдеу нәтижесін қарау .. 43
9.2. Верификациялауға арналған өтінімдердің мәртебелері..... 44
10. Жүйеде мобильді құрылғылардан жұмыс істеу..... 46
10.1.Авторизациялау және өтінім жасау (eGov mobile) 46
11. №1 қосымша 47
11.1.1-кесте. IMEI кодтарын тексеру мәртебелері..... 47
11.2.2-кесте Өтінімді қабылдамау себептері. 53

Терминдер мен анықтамалар

Осы құжатта мынадай анықтамалар, қысқартулар, аббревиатуралар қамтылған:

IMEI коды	IMEI (ағылш. International Mobile Equipment Identity) мобильді жабдықтың халықаралық сәйкестендіргіші. Әрбір мобильді құрылғыға өндіру кезеңінде берілетін және желіде құрылғыны тануға қызмет ететін 15 цифрдан тұратын бірегей код
Мобильді азаматтар базасы	Мемлекеттік қызметтерді көрсету, авторизациялау немесе қызметтерге қол қою кезінде бір реттік пароль арқылы SMS-парольдер жіберу үшін қажетті пайдаланушылардың ұялы телефон нөмірлерінің бірыңғай базасы
ЖТ МДҚ	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жеке тұлғалар мемлекеттік деректер қоры
ҚТҚТ АЖ	Мобильді құрылғыларды верификациялауға өтінімдер қабылдау жөніндегі «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның «Құрылғылардың таратылған қорғалған тізілімі» ақпараттық жүйесі
ҚР ҰҚК «Беркут» АЖ	Жеке тұлғалардың мемлекеттік шекарадан өтуі туралы мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ақпараттық жүйелері
ДДҚБ АЖ	Қазақстан Республикасындағы «Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау» мемлекеттік сервисі
ҚР ҚМ МКБ АЖ	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер басқармасының ақпараттық жүйелері (кеден және салық қызметтері)
ҚР ҰКО	Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы
БҚ	Бағдарламалық қамтамасыз ету
СКДБ	Сәйкестендіру кодтарының деректер базасы
Верификация АЖ	Ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын верификациялаудың ақпараттық жүйесі

GSMA қауымдастығы	Жаһандық мобильді байланыс жүйесі қауымдастығы - мобильді операторлар мен жабдық өндірушілерді біріктіретін, мобильді технологиялар мен стандарттардың дамуын басқаратын халықаралық коммерциялық емес ұйым
GSMA деректер базасы	Жаһандық мобильді байланыс жүйесі қауымдастығының (GSMA) деректер базасы - абоненттік құрылғының өндірушісі мен моделін оның сәйкестендіру коды бойынша бірмәнді сәйкестендіруге арналған, оның ішінде халықаралық деңгейде GSMA қара тізіміне енгізілген бұғатталған мобильді құрылғылар туралы мәліметтерді қамтитын халықаралық ақпараттық ресурс
NCALayer	Веб-қосымшаларда ҚР ҰКО ЭЦҚ құралдарын пайдалану мүмкіндігін беретін бағдарламалық қамтамасыз ету
e-SIM	Embedded SIM, кіріктірілген SIM-карта - тікелей құрылғыға кіріктірілген бағдарламаланатын SIM-карта нысаны. Қоңырау шалу, мәтіндік хабарламалар жіберу және интернетті пайдалану үшін құрылғыны мобильді желіге қосатын физикалық пластик SIM-картаның электрондық баламасы.
eGov mobile	Электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы
Digital ID eGov	ХҚКО-ға бармай-ақ eGov.kz порталында және eGov Mobile қосымшасында жеке басты жылдам растау үшін пайдаланылатын Қазақстандағы биометриялық сәйкестендіру жүйесі

1. Кіріспе

1.1. Қолданылу саласы

Осы құжат пайдаланушының «Құрылғылардың таратылған қорғалған тізілімі» ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – Жүйе) жұмыс істеу тәртібін сипаттайды.

Құжатта пайдаланушыға қолжетімді Жүйемен жұмыс істеу операциялары сипатталған.

1.2. Мүмкіндіктердің қысқаша сипаттамасы

Жүйе мобильді құрылғылардың IMEI-кодтарын верификациялауға өтінімдерді қабылдауға арналған. Мынадай функционалдық блоктарды қамтиды:

- Алдын ала тексеру;
- Құрылғыларды верификациялау.

1.3. Пайдаланушының дайындық деңгейі

Жүйе пайдаланушыларында мыналар болуы қажет:

– Microsoft Windows XP немесе одан кейінгі отбасындағы операциялық жүйемен не төменде көрсетілген браузерлердің жұмысын қолдайтын балама операциялық жүйемен басқарылатын дербес компьютермен жұмыс істеу дағдылары;

– Интернет желісіне қолжетімділігі бар iOS немесе Android операциялық жүйелерімен басқарылатын мобильді құрылғылармен жұмыс істеу дағдыларының, сондай-ақ авторизациялау және жеке басты растау рәсімдерінен өту үшін eGov Mobile мобильді қосымшасын пайдалану дағдыларының болуы.

– Microsoft Office пакетінің қосымшаларымен (Microsoft Word, Microsoft Excel) немесе оның еркін таратылатын аналогтарымен (OpenOffice) жұмыс істеу дағдылары;

– мына интернет-браузерлердің бірінде Интернет желісінде жұмыс істеу дағдылары:

- Google Chrome 50 және одан жоғары нұсқасы;
- Mozilla Firefox 50 және одан жоғары нұсқасы;
- Internet Explorer 11 және одан жоғары нұсқасы.
- Safari 12 және одан жоғары нұсқасы.

1.4. Пайдаланушының танысуына арналған құжаттама тізбесі

Жүйемен жұмыс істеу үшін пайдаланушыға осы Нұсқаулықпен алдын ала танысу жеткілікті.

1.5. Аппараттық қамтамасыз ету

Жүйемен жұмыс істеу үшін техникалық құралдарға қойылатын мынадай талаптар орындалуы тиіс:

Пайдаланушының жұмыс орны мынадай техникалық құралдардан тұруы тиіс:

- жүйелік блок немесе моноблок;
- монитор;

- пернетақта және тінтуір.

Ескертпе: ұқсас функционалдығы бар басқа техникалық құралдарды (ноутбуктер, нетбуктер және басқалар) пайдалануға жол беріледі.

Техникалық құралдардың сипаттамалары мыналардан төмен болмауы тиіс:

- жиілігі 2.0 ГГц және одан жоғары процессор;
- көлемі кемінде 4096 МБ жедел жад;
- көлемі кемінде 10 ГБ бос дискілік кеңістік.

Пайдаланушы жұмыс орнының техникалық құралдары жарамды болуы тиіс. Жұмыс орны электр желісіне қосылуы тиіс.

Жұмыс орны Интернет желісіне (Жүйе жұмыс істейтін корпоративтік желіге) қосылуы тиіс.

Жұмыс орнының желілік жабдығы жарамды болуы тиіс.

1.6. Бағдарламалық қамтамасыз ету

Жүйемен жұмыс істеу үшін пайдаланушының жұмыс орны жалпы жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

– eGov Mobile мобильді қосымшасының өзекті нұсқасы орнатылған және Интернет желісіне қолжетімділігі бар Android немесе iOS операциялық жүйесімен басқарылатын мобильді құрылғы;

– Microsoft Windows 7/8/10/11 нұсқасындағы, MacOS 10.0 және одан жоғары операциялық жүйе; веб-браузер:

- Google Chrome 50 және одан жоғары нұсқасы;
- Mozilla Firefox 50 және одан жоғары нұсқасы;
- Internet Explorer 11 және одан жоғары нұсқасы;
- Safari 12 және одан жоғары нұсқасы.

2. Жүйеде ДК және ноутбуктерден жұмыс істеу

2.1. ҚР ҰКО ГОСТ 2015 ЭЦҚ арқылы авторизациялау

Авторизациялау үшін:

1. ҚР ҰКО ЭЦҚ дайындау (олар болмаған жағдайда Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну қажет. ЭЦҚ алу тәртібімен Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының https://pki.gov.kz/ сайтында танысуға болады).
2. Веб-камерасы бар компьютердің немесе ноутбуктің болуы.
3. Компьютерге (ноутбукке) NCALayer БҚ орнату (NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуін орнату жөніндегі нұсқаулықпен танысуға және БҚ-ны ҚР ҰКО сайтынан мына сілтеме бойынша жүктеп алуға болады: https://ncl.pki.gov.kz/).
4. Сайтқа өту: https://portal.imei.gov.kz/.
5. Пайдаланушы интерфейсінің ыңғайлы тілін таңдау: қазақ, орыс және ағылшын (1-суретті қараңыз). Тіл панелі интерфейстің жоғарғы панелінде орналасқан.



1-сурет. Тіл панелі.

2.1.1. Жеке тұлғаның жүйеге алғашқы қосылуы

Жеке кабинетте жұмысты бастау үшін Жүйенің басты бетінде жоғарғы оң жақ бұрыштағы «Кіру» батырмасын басу қажет (2-суретті қараңыз).



2-сурет. Авторизациялау.

Авторизациялау терезесінде «Кіру» батырмасын басу керек (3-суретті

қараңыз).



Жүйеге кіру үшін электрондық цифрлық қолтаңба (ҚР ҰКО ЭЦҚ) арқылы авторизациядан өту қажет.



3-сурет. ЭЦҚ арқылы авторизациялау

ЭЦҚ арқылы авторизациядан кейін «Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау» (ДДҚБ) мемлекеттік сервисі арқылы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру қажет (4-суретті қараңыз).



4-сурет. SMS жіберу

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру үшін 1414 қысқа нөміріне жіберілген SMS-хабарлама арқылы келісімді растау қажет. Келісім беруден бас тартқан жағдайда көрсетілген форматқа сәйкес 1414 қысқа нөміріне бас тарту мәтіні бар жауап SMS-хабарламасын жіберу қажет (5-суретті қараңыз).



5-сурет. SMS-ке жауап

«Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау» (ДДҚБ) мемлекеттік сервисі арқылы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім бергеннен кейін Жүйеде алғашқы тіркелу рәсіміне көшу жүзеге асырылады.

Тіркелуді аяқтау үшін eGov (Digital ID) сервисі арқылы биометриялық сәйкестендіруден өту қажет. Жүйеде тіркелу үшін қажетті деректер Жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорынан автоматты түрде алынады (6-суретті қараңыз).



6-сурет. Digital ID-де жалғастыру

Биометриялық сәйкестендіруден өту үшін браузерге құрылғы камерасына қолжетімділік беру қажет. Қолжетімділік берілгеннен кейін бет бейнеге түсіріледі және Digital ID сервисі арқылы тексеріледі (7-суретті қараңыз).



7-сурет. Браузерде камераға қолжетімділік беру

Биометриялық сәйкестендіруден сәтті өткеннен кейін деректерге

қолжетімділік беру туралы сұрау көрсетіледі. Терезеде сұратылатын мәліметтер тізбесімен, пайдаланушы келісімінің және құпиялылық саясатының шарттарымен танысу қажет. Жалғастыру үшін «Рұқсат беру» тармағын таңдау қажет (8-суретті қараңыз).



8-сурет. Қолжетімділікке рұқсат беру

Бұдан әрі Жүйеде тіркелуді аяқтау қажет (9-суретті қараңыз). Ол үшін телефон нөмірі мен электрондық пошта мекенжайын көрсетіңіз, содан кейін Жүйеде одан әрі жұмыс істеу қолжетімді болады.



9-сурет. Тіркелуден өту

Деректерге қолжетімділік бергеннен кейін Жүйені пайдалану шарттарымен

танысу қажет. Ол үшін тиісті сілтеме бойынша қолжетімді «Жүйеге қосылу туралы келісімнің» ережелерімен танысып, Келісім шарттарымен танысқаныңызды және қабылдағаныңызды растайтын белгіні қойыңыз. Осы кезеңді аяқтау үшін «Келісемін» батырмасын басыңыз. Шарттарды қабылдаудан бас тарту үшін «Болдырмау» батырмасын басыңыз (10-суретті қараңыз).



10-сурет. Жүйені пайдалану шарттары



11-сурет. Оферта шарты

- *Шартқа қол қою алғашқы тіркелу кезінде бір рет жүргізіледі және Жүйені пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.*
- *Шарт талаптары жаңартылған жағдайда пайдаланушы оған қайта қол қоюы қажет*

2.1.2. Жеке тұлғаның жүйеге қосылу шарттары

Жүйеде алғашқы тіркелу кезінде жеке тұлға туралы деректер, оның ішінде

азаматтығы туралы мәліметтер Жеке тұлғалардың мемлекеттік деректер қорынан (ЖТ МДҚ) автоматты түрде алынады.

Егер ЖТ МДҚ деректері бойынша тұлғаның Қазақстан Республикасының азаматы екені анықталса, тіркелу үшін қосымша мәліметтер талап етілмейді.

Егер ЖТ МДҚ деректері бойынша тұлғаның Қазақстан Республикасының бейрезиденті екені анықталса, тіркелу нысанында «Паспорт нөмірі» қосымша міндетті өрісі автоматты түрде көрсетіледі (12-суретті қараңыз).



12-сурет. «Құжат нөмірі» өрісін толтыру

Бұл өрісте Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өту кезінде пайдаланылатын жарамды паспорттың нөмірін көрсету қажет. Паспорт нөмірін, егер өріс форматында өзгеше көзделмесе, бос орынсыз және қосымша таңбаларсыз құжатқа дәл сәйкес енгізу қажет.

Маңызды!

Бейрезиденттер үшін паспорт нөмірін көрсету Жүйеде тіркелуді аяқтаудың міндетті шарты болып табылады. Көрсетілген мәліметтер тұлғаны сәйкестендіру және қажетті тексерулер жүргізу үшін пайдаланылады.

3. Порталдың негізгі мәзірі

Порталдың негізгі мәзірі функционалдық бөлімдер арасында навигациялауға және пайдаланушының негізгі операцияларын орындауға арналған. Мәзір интерфейстің сол жақ бөлігінде орналасқан және Порталда сәтті авторизациядан кейін қолжетімді (13-суретті қараңыз). Мәзірдің әрбір тармағы Порталдың тиісті бөлімін ашады (белсенді бөлім көрнекі түрде ерекшеленеді).



13-сурет. Портал мәзірі

3.1. Пайдаланушы профилі

Кіші бөлім пайдаланушының дербес деректерін қарауға және өңдеуге арналған (14-суретті қараңыз).



14-сурет. Пайдаланушы профилі кіші бөлімі.

Деректерді өңдеудің мынадай функциялары қолжетімді:

- телефон нөмірі;
- электрондық пошта мекенжайы;
- жарамды паспорт нөмірін өңдеу. Өзгерістер растаудан кейін сақталады.

3.2. Паспорт нөмірін өңдеу

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өту кезінде пайдаланылатын жарамды паспорттың нөмірін өңдеу үшін оң жақ бүйірдегі өзіңіздің ТАӘ-ңізді басып, «Профиль» қойындысын ашу қажет. Ашылған терезеде жеке тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі. Өзгерістер енгізу үшін негізгі деректер жолында орналасқан бұрын енгізілген деректерді жойып, жаңа деректерді көрсету жеткілікті (15-суретті қараңыз).



15-сурет. Профильді өңдеу.

Ескертпе:

Көрсетілген паспорт нөмірі Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өту туралы мәліметтерді тексеру үшін пайдаланылады. Қате енгізілген деректер өтінімді кейіннен өңдеу кезінде оның қабылданбауына әкелуі мүмкін.

4. Алдын ала тексеруге өтінім

Алдын ала тексеру Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жеке пайдалануға сатып алу жоспарланып отырған мобильді құрылғылардың IMEI-кодтарын тексеруге арналған. Бұл GSMA дерекқорында IMEI-кодтары туралы мәліметтер жоқ немесе бұғатталған, жарамсыз мобильді құрылғыларды сатып алу тәуекелін болдырмауға мүмкіндік береді.

Алдын ала тексеру шеңберінде құрылғы туралы мәліметтердің GSMA дерекқорында өндіруші мәлімдеген ақпаратқа сәйкестігін, сондай-ақ құрылғының GSMA дерекқорында бұғатталуы мүмкін мәртебесін анықтауға болады.

МАҢЫЗДЫ! «Алдын ала тексеруге арналған өтінімді» өңдеу нәтижелері тек оларды өңдеу сәтінде ғана жарамды және тек ақпараттық сипатта болады. Деректер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріндегі құрылғылар туралы мәліметтерді тексеруді қамтымайды.

Верификацияға өтінім берер алдында мобильді құрылғы туралы көрсетілетін мәліметтердің (бренд, модель, IMEI саны) дұрыстығына көз жеткізу үшін алдын ала тексеруге өтінім беру ұсынылады.

4.1. Алдын ала тексеруге өтінім жасау

Алдын ала тексеруге өтінім беру үшін:

Жүйеде авторизациядан өту қажет (авторизация процесі «ҚР ҰКО ЭЦҚ. Авторизация және өтінім жасау»).

Жүйеде сәтті авторизациядан өткеннен кейін жеке кабинет ашылады. «Алдын ала тексеру» тармағын таңдаған кезде басты бетке өту жүзеге асырылады, онда форманың тиісті өрістерін толтыру қажет:



16-сурет. Алдын ала тексеру.

- **Бренд* (міндетті өріс) – бренд атауының алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ұсынылған тізімнен қажетті нұсқаны таңдаңыз (мысалы:**

App → Apple, Sam → Samsung, Hon → Honor және т.б.)

- **Модель* (міндетті өріс) – құрылғы моделінің алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ашылмалы тізімнен сәйкес мәнді таңдаңыз (мысалы: iPh → iPhone 15, Gal → Galaxy S24 және т.б.)**
- **Сериялық нөмір (міндетті емес өріс) – егер құрылғының сериялық нөмірі қаптамада немесе смартфон/планшет баптауларында көрсетілген болса, оны көрсетіңіз.**
- **IMEI 1* (міндетті өріс) – құрылғының IMEI-кодын енгізіңіз.**

Егер смартфон немесе планшет бірнеше SIM-слотты (соның ішінде eSIM) қолдаса, смартфондағы немесе планшеттегі әрбір слот үшін IMEI 1 және IMEI 2 толтырыңыз. Қажет болған жағдайда үш нүкте бейнеленген белгішені басқаннан кейін қолжетімді болатын «IMEI қосу» функциясы арқылы IMEI 3 немесе IMEI 4 қосыңыз.

Ескертпе:

1. IMEI-кодтарының саны құрылғы қаптамасында көрсетілген санға сәйкес келуі тиіс.

*2. Құрылғыңыздың IMEI санын тексеру үшін онда *#06# комбинациясын теріңіз.*

4.1.1. Алдын ала тексеру нәтижелерін қарау

Өтінімді жібергеннен кейін нәтижелерді қарау үшін бүйірлік мәзірді ашып, «Менің өтінімдерім» бөліміне өтіңіз. Бұл бөлімде пайдаланушы берген барлық өтінімдердің тізімі көрсетіледі (17-суретті қараңыз).



17-сурет. Өтінімнің ағымдағы мәртебесі.

Барлық тіркелген өтінімдер жалпы тізімде көрсетіледі, онда әрбір өтінім жедел мониторинг жүргізуге арналған негізгі параметрлерімен жеке жолда ұсынылады:

– **Өтінім ID: өтінішті сәйкестендіру үшін Портал берген бірегей өтінім нөмірі.**

– **Мәртебе: сұратымды нақты уақыт режимінде өңдеудің өзекті жай-күйі.**

– **Күні: өтінім берілген күн.**

– **Құрылғылар: құрылғылар саны.**

Өтінім мәліметтерінде қатенің себебі және тексеру мәртебесінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі. Теріс нәтиже құрылғы туралы деректердің сәйкес келмейтінін немесе тексеру кезінде анықталған шектеулердің бар екенін

білдіреді.

Ескертпе: IMEI тексерудің барлық ықтимал мәртебелері және олардың түсіндірмелері осы Пайдаланушы нұсқаулығының 1-кестесінде (№1 қосымша) келтірілген. Кестеде мәртебе кодтарының толық тізбесі, олардың сипаттамасы және бас тарту себептерін жою жөніндегі ұсынымдар қамтылған.

Маңызды: Сервис мобильді құрылғылардың IMEI-кодтарын жеке тұлға Қазақстан Республикасынан тыс жерде импорттағанға (әкелуді декларациялағанға) немесе сатып алғанға дейін тікелей тексеруге мүмкіндік береді, бұл IMEI-кодтары бойынша мәліметтері GSMA ДҚ-да жоқ жарамсыз мобильді құрылғыларды импорттау/сатып алу тәуекелін болдырмауға, сондай-ақ көрсетілген деректердің: бренд, модель және IMEI санының дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Алдын ала тексеруден өту кезіндегі құрылғылар санына шектеу жүйе жұмысының ішкі логикасымен көзделген. Қазіргі уақытта алдын ала тексеру бір пайдаланушы үшін бір ай ішінде 4 құрылғыдан аспайтын құрылғыға қолжетімді.

5. Верификациялауға өтінім

Құрылғыларды верификациялауға жаңа өтінім – сервис Қазақстан Республикасынан тыс жерде мобильді құрылғыны жеке пайдалану үшін сатып алатын жеке тұлғаларға арналған.

Құрылғыларды верификациялау Қазақстан Республикасының ұялы байланыс желілерінде абоненттік құрылғыларды пайдаланудың заңдылығын растауға мүмкіндік береді.

5.1. Жеке пайдалануға арналған тауарларды бажсыз әкелу нормалары

Мобильді құрылғыларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеке пайдалануға арналған тауарларды бажсыз әкелу нормаларын ескеру қажет.

Тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызу тәртібі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 107 «Жеке пайдалануға арналған тауарларға байланысты жекелеген мәселелер туралы» шешімімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 250 «Жеке тұлғалар Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызу өлшемшарттары» бұйрығымен реттеледі.

Жеке тұлғалар үшін бажсыз әкелудің мынадай нормалары белгіленген:

- әуе көлігімен әкелген кезде – жалпы құны 10000 еуродан аспайтын және жалпы салмағы 50 кг-нан аспайтын тауарлар;
- автомобиль, теміржол, су көлігімен немесе жаяу әкелген кезде – жалпы құны 500 еуродан аспайтын және жалпы салмағы 25 кг-нан аспайтын тауарлар;
- халықаралық пошталық жөнелтілімдермен жіберген кезде – жалпы құны 200 еуродан аспайтын және жалпы салмағы 31 кг-нан аспайтын тауарлар.

Белгіленген нормалардан асқан жағдайда кедендік төлемдер төленуге жатады:

- тауарларды мемлекеттік шекара арқылы өткізген кезде – асып кеткен құнның 30%-ы, бірақ салмақ нормасынан асқан әрбір килограмм үшін 4 еуродан кем емес;
- тауарларды халықаралық пошталық жөнелтілімдермен жіберген кезде – асып кеткен құнның 15%-ы, бірақ салмақ нормасынан асқан әрбір килограмм үшін 2 еуродан кем емес.

Ескертпе: құрылғыны верификациялауға арналған өтінімді қарау кезінде Портал әкелу тәсілі және растайтын құжаттар туралы мәліметтерді ескереді. Белгіленген нормалардан асқан кезде пайдаланушыдан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес кедендік төлемдердің төленгенін растайтын жолаушы кедендік декларациясын ұсыну талап етілуі мүмкін.

5.2. 1-қадам: Өтінім түрін таңдаңыз

Өтінімнің бұл түрі мобильді құрылғыны Қазақстан Республикасының

аумағына жеке пайдалану үшін өз бетінше әкелетін жеке тұлғаларға арналған (18-суретті қараңыз). Бір өтінімде верификациялауға тек бір құрылғыны беруге болады (сондай-ақ құрылғылар санына шектеу қолданылады: жылына 2-ден аспайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Өтінімді жібермес бұрын пайдаланушы барлық енгізілген деректерді құрылғы қаптамасында, чекте, кепілдік талонында немесе смартфонның/планшеттің жүйелік баптауларында көрсетілген ақпаратпен мұқият салыстыруы тиіс.



18-сурет. Жеке тұлғаларға арналған верификация.

5.3. 2-қадам: Растайтын ақпаратты енгізіңіз

Әкелу тәсілін таңдау «Әкелу туралы мәліметтер» тармағында орналасқан «Әкелу тәсілі» өрісіндегі ашылмалы тізім арқылы орындалады. Анықтамалықта құрылғыны шекара арқылы өткізудің барлық рұқсат етілген нұсқалары қамтылған, олардың ішінен пайдаланушы нақты әкелу тәсіліне сәйкес келетін нұсқаны таңдайды.

1. **Ілесіп жүретін багаж (өз бетінше) – егер құрылғыны пайдаланушы жеке өзі, ілесіп жүретін багаж немесе қол жүгі құрамында әкелген болса таңдалады. Бұл нұсқа мобильді құрылғының шекарадан иесімен бірге өткенін білдіреді (19-суретті қараңыз).**

2. **Ілесіп жүрмейтін багаж (сәлемдеме) – егер құрылғы жеткізу қызметі арқылы алынған болса таңдалады (19-суретті қараңыз).**



19-сурет. Әкелу туралы мәліметтер.

5.3.1. Әкелу тәсілін таңдау: Ілесіп жүретін багаж (өз бетінше)

«Ілесіп жүретін багаж (өз бетінше)» мәнін таңдағаннан кейін формада толтыру үшін өрістер автоматты түрде қолжетімді болады (20-суретті қараңыз):

- **Әкелу күні – құрылғыны әкелу сәтіне сәйкес келетін шекараны кесіп өту күнін көрсетіңіз (күн 25.06.2025 жылдан ерте болмауы тиіс, өйткені осы күнге дейін легализация кезеңі қолданылды және верификация әкелу фактісін растайтын құжаттарсыз жүзеге асырылды).**
- **Экспорт елі – тізімнен құрылғы әкелінген елді таңдаңыз (егер жүру маршруты басқа елде ауысып отыруды (транзит) қамтыса, «Экспорт елі» бағанында Қазақстан Республикасына кіру жүзеге асырылған соңғы елді (транзиттік ел) көрсету қажет).**
- **Растайтын құжат туралы мәліметтер – әкелу туралы мәліметтерді толтыру кезеңінде мобильді құрылғыны Қазақстан Республикасының аумағына әкелу фактісін растайтын рұқсат етілген нұсқалардың бірін таңдау қажет.**



20-сурет. Әкелу туралы мәліметтер.

«Мемлекеттік шекараны кесіп өту фактілері туралы анықтама» растайтын құжаты

Қазақстан Республикасының резиденттері үшін: мемлекеттік шекараны кесіп өту туралы мәліметтер «Беркут» ақпараттық жүйесі арқылы расталады. Тексеру үшін мемлекеттік шекараны кесіп өту күнін «БАСТАП/ДЕЙІН» көрсетіп, «келесі» батырмасын басу қажет.

Күн дұрыс көрсетілген және шекараны кесіп өтудің расталған фактісі болған кезде «Беркут» АЖ «Кіру расталды — анықтамасыз жалғастыруға болады» хабарламасын қайтарады. Бұл ретте «БАСТАП» кіру күні әкелу күнінен ерте болмауы тиіс.

Егер көрсетілген күн «Беркут» АЖ деректеріне сәйкес келмесе және мемлекеттік шекараны кесіп өту фактісі расталмаса, Жүйе «Шекараны кесіп өту фактісі расталмады» хабарламасын көрсетеді.



21-сурет – шекараны кесіп өту мәртебесін тексеру

ҚР бейрезиденттері: «QazETA» мобильді қосымшасында (PlayMarket және AppStore-да қолжетімді):

- Тіркелу;
- «Қызметтер» бөліміне өту;
- «Шекараны кесіп өту туралы анықтама» тармағын таңдап, одан әрі ұсынылған форманы толтыру;
- Деректерді растап, сұратым жіберу;

Анықтаманы мәртебе бетінен немесе жеке кабинеттен жүктеп алу.

Верификацияға өтінімді толтыру формасында құжаттың PDF-файлы «Файлды таңдаңыз» батырмасы арқылы тіркеледі (22-суретті қараңыз).



22-сурет. Анықтаманы қосу.

Ескертпе:

- *Шекараны кесіп өту туралы анықтамада пайдаланушының ЖСН-і, Қазақстанға кірген күні, Қазақстанға кірген елі, сондай-ақ мемлекеттік органның QR-коды көрсетілуі тиіс.*
- *Егер анықтама өтініш берушіден басқа тұлғаға ресімделген болса, тексеру кезінде өтінім қабылданбауы мүмкін.*
- *Тек ресми құжатқа ғана жол беріледі, өзге құжаттарды жүйе қабылдамайды және олар өтінімнің қабылданбауына әкеледі.*

«Жолаушы кедендік декларациясы» растайтын құжаты

Жолаушы кедендік декларациясы – құрылғының Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде декларацияланғанын растайтын ресми құжат.

«Құжат нөмірі» өрісін толтыру кезінде (23-суретті қараңыз) декларация нөмірін белгіленген форматта көрсету қажет: XXXXXXXX/XXXXXX/XXXXXXX (мысалы: 39855301/290126/0000730)

Декларация нөмірінің форматы бірнеше бөліктен тұрады:

- алғашқы сегіз цифр – декларацияны ресімдеген кеден бекетінің коды;
- екінші топ – декларацияның ККККАЖЖ форматындағы тіркелген күні;
- үшінші топ – құжаттың бірегей реттік нөмірі.

Декларация нөмірін мына жолдармен алуға болады:

- өткізу пунктінен өту кезінде берілген кеден құжатының көшірмесінен;
- декларация тіркелген жердегі Мемлекеттік кірістер басқармасына (ҚР ҚМ МКБ) жүгіну арқылы.



23-сурет. Жолаушы кедендік декларациясы.

5.3.2. Әкелу тәсілін таңдау: Алып жүрілмейтін багаж (сәлемдеме)

«Ілесіп жүрмейтін багаж (сәлемдеме)» мәнін таңдағаннан кейін формада толтыру үшін өрістер автоматты түрде қолжетімді болады (24-суретті қараңыз).



24-сурет. Ілесіп жүрмейтін багаж (сәлемдеме)

«Ілесіп жүрмейтін багаж (сәлемдеме)» мәнін таңдағаннан кейін формада толтыру үшін өрістер автоматты түрде қолжетімді болады.

Өтінім формасында мынадай өрістерді толтыру қажет:

- **Әкелу тәсілі – «Ілесіп жүрмейтін багаж (сәлемдеме)» нұсқасын таңдаңыз;**
- **Жеткізу қызметі – ашылмалы тізімнен жеткізу қызметінің атауын таңдаңыз. Егер қажетті қызмет тізімде болмаса, оның атауын мәтін өрісіне қолмен енгізіңіз (өрісті толтыру міндетті);**
- **Әкелу күні – сәлемдеменің келіп түскен күнін көрсетіңіз (өріс міндетті емес);**
- **Экспорт елі – құрылғы жіберілген елді көрсетіңіз;**
- **Растайтын құжат туралы мәліметтер – таңдалған экспорт еліне және жеткізу қызметіне байланысты толтырылады.**

Растайтын құжат туралы мәліметтерді толтыру тәртібі

Растайтын құжат туралы мәліметтерді толтыру тәртібі экспорт елінің Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) немесе ЕАЭО-ға кірмейтін елдерге тиесілігіне байланысты айқындалады. Растайтын құжаттың рұқсат етілген түрін таңдау, сондай-ақ енгізілетін деректердің форматы мен құрамы «Жөнелту (экспорт) елі» және «Жеткізу қызметі» өрістері мәндерінің комбинациясына байланысты болады және портал арқылы автоматты түрде айқындалады.

Портал «Жөнелту (экспорт) елі» өрісінің таңдалған мәні негізінде толтырудың тиісті қағидаларын автоматты түрде қолданады (25-суретті қараңыз).



25-сурет. Жөнелту (экспорт) елі.

ЕАЭО-ға кіретін елдер үшін мәліметтерді растаудың тәртібі көзделген, онда «Құжат нөмірі» өрісінде жөнелтілімнің трек-нөмірін көрсетуге, сондай-ақ CDEK

жеткізу қызметін таңдаған кезде жүкқұжатты тіркеуге жол беріледі.



26-сурет. Құжат нөмірі туралы мәліметтер.

ЕАЭО-ға кірмейтін елдер үшін кедендік декларация мәліметтерін белгіленген форматта міндетті түрде көрсетуді көздейтін кеңейтілген тексеру тәртібі қолданылады (26-сурет).



25-сурет. Кедендік декларация мәліметтері.

Экспорт елін таңдау: ЕАЭО-ға кіретін елдер

ЕАЭО елдеріне мыналар жатады: Ресей Федерациясы, Армения

Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы. Егер ЕАЭО-ға кіретін ел таңдалса, толтыру тәртібі «Жеткізу қызметінің» таңдалған мәніне байланысты болады:

Егер «Жеткізу қызметінің» Ozon, Wildberries, QazPost мәндері таңдалса, жөнелтілімнің трек-нөмірін көрсету қажет (27-суретті қараңыз), трек-нөмірді алу үшін құрылғы жеткізілген жөнелтілімнің трек-нөмірін нақтылау мақсатында тасымалдаушыға жүгіну ұсынылады.

QazPost үшін сәлемдеменің трек-нөмірі – халықаралық жөнелтілімнің нөмірі көрсетіледі (мысалы: LM123456789CN).



27-сурет. Жөнелтілімнің трек-нөмірі

Егер «Жеткізу қызметінің» басқа мәндері таңдалса (мысалы: CDEK және DHL т.б.), верификацияланатын құрылғыларды әкелудің заңдылығы туралы мәліметтерді растау үшін көрсетілген құрылғыларға жүкқұжатты тіркеу қажет (28-суретті қараңыз). Құжатты тасымалдаушының сайтынан, мобильді қосымшасынан немесе логистикалық компанияның қолдау қызметіне жеке жүгіну арқылы алуға болады.



28-сурет. Жүкқұжатты жүктеу

5.3.2.1. Экспорт елін таңдау: ЕАЭО-ға кірмейтін елдер

Егер ЕАЭО-ға кірмейтін ел таңдалса, толтыру тәртібі де жеткізу қызметіне байланысты болады. QazPost таңдалған кезде трек-нөмірді (29-суретті қараңыз) XX123456789YY форматында көрсету қажет (13 таңба: Префикс алғашқы 2 әріп – жөнелтілім түрі, 9 цифр – нөмір, Суффикс соңғы 2 әріп – жөнелтуші елдің коды).



29-сурет. QazPost трек-нөмірі.

Басқа жеткізу қызметтерін таңдаған кезде растайтын құжаттың түрін таңдау қажет: ЖКД «Жолаушы кедендік декларациясы» немесе ЭЖЖКД «Экспресс-жүктерге арналған жолаушы кедендік декларациясы», содан кейін құжат нөмірін

белгіленген форматта көрсету қажет.

Құжат түрін таңдағаннан кейін формада декларация нөмірін енгізуге арналған өріс қолжетімді болады. Көрсетілген құжат құрылғыны Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің заңдылығын растауы және өткізілетін тауар туралы мәліметтерді қамтуы тиіс. «Растайтын құжат туралы мәліметтер» өрісін толтыру кезінде мынадай нұсқалар қолжетімді (30-суретті қараңыз):



30-сурет. Растайтын құжат туралы мәліметтер.

- **Жолаушы кедендік декларациясы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде құрылғының декларацияланғанын растайтын құжаттың нөмірі көрсетіледі.**
- **Экспресс-жүктерге арналған жолаушы кедендік декларациясы құрылғыны курьерлік және логистикалық қызметтер (экспресс-тасымалдаушылар) арқылы жеткізу кезінде пайдаланылады.**

1. Жолаушы кедендік декларациясы – құжат нөмірі XXXXXXXX/XXXXXX/XXXXXXX форматында көрсетіледі, мысалы: 39853012/180426/0007322.

Нөмір белгіленген форматта көрсетіледі: XXXXXXXX/XXXXXX/XXXXXXX (мысалы: 39853012/180426/0007322), мұнда алғашқы сегіз цифр – кеден бекетінің коды, екінші бөлігі – құжаттың ККҚАЖЖ форматындағы тіркелген күні, үшінші бөлігі – бірегей реттік нөмір.

Декларация нөмірін мына жолдармен алуға болады:

- декларация тіркелген жердегі мемлекеттік кірістер органдарына жүгінген кезде;
- құрылғыны жеткізуді жүзеге асырған карго-тасымалдаушыдан сұрату арқылы.
- Жолаушы кедендік декларациясын «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасындағы сервис арқылы ресімдеуге және алуға болады.

2. Экспресс-жүктерге арналған жолаушы кедендік декларациясы – нөмір белгіленген форматта көрсетіледі: XXXXX/XXXXXX/XXXXXXX (мысалы: 53012/180426/0007322), мұнда алғашқы бес цифр – кеден бекетінің коды, екінші бөлігі – құжаттың ККККАЖЖ форматындағы тіркелген күні, үшінші бөлігі – бірегей реттік нөмір.

Көрсетілген құжат құрылғының декларацияланғанын және оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің заңдылығын растайды, сондай-ақ өткізілетін тауар туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

ЭЖЖКД нөмірін экспресс-тасымалдаушыдан, оның сайтындағы жеке кабинеттен немесе мобильді қосымшадан, сондай-ақ логистикалық компанияның қолдау қызметіне сұрату бойынша алуға болады.

Маңызды!

Егер жеткізу логистикалық компания арқылы жүзеге асырылса, декларация нөмірін тасымалдаушының қолдау қызметіне сұрату бойынша алу қажет.

Карго-тасымалдаушыға жүгінген кезде жөнелтілім деректерін (трек-нөмір, жеткізу күні, алушының ТАӘ) көрсету ұсынылады, солардың негізінде тасымалдаушы тіркелген декларация туралы мәліметтерді не оның нөмірін бере алады.

5.4. 3-қадам Құрылғы туралы ақпаратты енгізіңіз

Әкелу тәсілі туралы деректерді толтырып, растайтын құжаттарды тіркегеннен кейін «Құрылғы туралы ақпаратты енгізіңіз» бөлімін толтыруға өтіңіз.

Бұл кезеңде пайдаланушы верификациялауға жататын мобильді құрылғы туралы негізгі мәліметтерді көрсетеді.

«Құрылғылар туралы мәліметтер» тармағында қосылған құрылғы туралы ақпарат көрсетіледі, верификациялауға жататын мобильді құрылғы туралы мәліметтерді енгізу қажет (31-суретті қараңыз).:

- **Бренд* (міндетті өріс) – бренд атауының алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ұсынылған тізімнен қажетті нұсқаны таңдаңыз (мысалы: App → Apple, Sam → Samsung, Hon → Honor және т.б.)**
- **Модель* (міндетті өріс) – құрылғы моделінің бірнеше таңбасын енгізіп, ашылмалы тізімнен сәйкес мәнді таңдаңыз (мысалы: iPh → iPhone 15, Gal → Galaxy S24 және т.б.)**
- **Сериялық нөмір (міндетті емес өріс) – егер құрылғының сериялық нөмірі қаптамада немесе смартфон/планшет баптауларында көрсетілген болса, оны көрсетіңіз.**
- **IMEI 1* (міндетті өріс) – құрылғының IMEI-кодын енгізіңіз.**

Егер смартфон немесе планшет бірнеше SIM-слотты (соның ішінде eSIM) қолдаса, смартфондағы немесе планшеттегі әрбір слот үшін IMEI 1 және IMEI 2 толтырыңыз. Қажет болған жағдайда үш нүкте бейнеленген белгішені басқаннан кейін қолжетімді болатын «IMEI қосу» функциясы арқылы IMEI 3 немесе IMEI 4 қосыңыз.

Ескертпе:

*Құрылғыңыздың IMEI санын тексеру үшін онда *#06# комбинациясын теріңіз.*

IMEI-кодтарының саны құрылғы қаптамасында көрсетілген санға сәйкес келуі тиіс.

Өтінімді жібермес бұрын әрбір құрылғы бойынша дұрыс мәліметтер көрсетілгеніне көз жеткізу ұсынылады.



31-сурет. Құрылғылар туралы мәліметтер

5.5. Деректерді растау және өтінімге қол қою

Барлық қажетті деректерді толтырғаннан кейін олардың дұрыстығын тексеріп, өтінімде көрсетілген мәліметтерді растау қажет.

Жеке басты растау үшін Digital ID сервисі арқылы биометриялық сәйкестендіруден өту қажет. Биометриялық сәйкестендіруден сәтті өткеннен кейін өтінімге қол қоюға өту жүзеге асырылады (32-суретті қараңыз).



32-сурет. Биометриялық сәйкестендіруден өту

Өтінімді беруді аяқтау үшін оған электрондық цифрлық қолтаңбаны (ҚР ҰКО ЭЦҚ) пайдалана отырып қол қою қажет. Сәтті қол қойылғаннан кейін өтінім қалыптастырылған және одан әрі өңдеу үшін Жүйеге жіберілген болып есептеледі (33-суретті қараңыз).



33-сурет. Өтінімге ЭЦҚ арқылы қол қою.

Қол қойылғаннан кейін өтінімге өтінім нөмірі беріледі. Өңдеу мәртебесін «Барлық өтінімдер» модулінде қадағалайсыз

5.6. Жобалар

Егер өтінімді ресімдеу аяқталмаса, оны жоба ретінде сақтап, кейінірек оған қайта оралуға болады. Жобаны сақтау үшін «Жоба ретінде сақтау» батырмасын басу керек (34-суретті қараңыз).



34-сурет. Жоба ретінде сақтау.

Өтінімнің жобасы сол жақтағы бүйірлік мәзірде орналасқан «Жобалар» бөлімінде сақталады (35-суретті қараңыз). Жобаны айқышты басу арқылы жоюға болады, өңдеу үшін өтінімнің өзін басу қажет.



35-сурет. Жобаны өңдеу.

6. «Жеке тұлғаларға арналған басқа құрылғыларды верификациялау» өтінім түрі

«Басқа құрылғыларды верификациялау» өтінім түрі ұялы телефондар, смартфондар немесе планшеттер санатына жатпайтын модемдерді, роутерлерді, смарт-сағаттарды және басқа құрылғыларды верификациялауға арналған.

Өтінімнің бұл түрін жабдықты Қазақстан Республикасының аумағына жеке пайдалану үшін өз бетінше әкелетін жеке тұлғалар пайдаланады.

Өтінімді жібермес бұрын пайдаланушы барлық енгізілген деректерді құрылғы қаптамасында, чекте, кепілдік талонында немесе смартфонның/планшеттің жүйелік баптауларында көрсетілген ақпаратпен мұқият салыстыруы тиіс.

6.1. 1-қадам: Өтінім түрін таңдаңыз

Жеке тұлғалар үшін верификацияға өтінім беру Жүйе интерфейсі арқылы қолмен орындалады, «Өтінім жасау» бөлімін ашып, «Басқа құрылғыларды верификациялау» тармағын таңдаңыз. Экранда форма көрсетіледі, онда «Басқа құрылғыларды верификациялау» өтінім түрін таңдау қажет (36-суретті қараңыз).



36-сурет. Басқа құрылғыларды верификациялау.

7.2. 2-қадам: Құрылғы туралы ақпаратты енгізіңіз

Әкелу тәсілі туралы деректерді толтырып, растайтын құжаттарды тіркегеннен кейін «Құрылғы туралы ақпаратты енгізіңіз» бөлімін толтыруға өтіңіз.

Бұл кезеңде пайдаланушы верификациялауға жататын мобильді құрылғы туралы негізгі мәліметтерді көрсетеді.

«Құрылғы туралы мәліметтер» тармағында қосылған құрылғы туралы ақпарат көрсетіледі, верификациялауға жататын мобильді құрылғы туралы мәліметтерді енгізу қажет (37-суретті қараңыз):



37-сурет. Құрылғы туралы ақпарат.

– **Бренд* (міндетті өріс) – бренд атауының алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ұсынылған тізімнен қажетті нұсқаны таңдаңыз (мысалы: App → Apple, Sam → Samsung, Hon → Honor және т.б.)**

– **Модель* (міндетті өріс) – құрылғы моделінің алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ашылмалы тізімнен сәйкес мәнді таңдаңыз (мысалы: iPh → iPhone 15, Gal → Galaxy S24 және т.б.)**

– **Сериялық нөмір (міндетті емес өріс) – егер құрылғының сериялық нөмірі қаптамада немесе смартфон/планшет баптауларында көрсетілген болса, оны көрсетіңіз.**

– **IMEI 1* (міндетті өріс) – құрылғының IMEI-кодын енгізіңіз.**

– Егер смартфон немесе планшет бірнеше SIM-слотты (соның ішінде eSIM) қолдаса, смартфондағы немесе планшеттегі әрбір слот үшін IMEI 1 және IMEI 2 толтырыңыз. Қажет болған жағдайда үш нүкте бейнеленген белгішені басқаннан кейін қолжетімді болатын «IMEI қосу» функциясы арқылы IMEI 3 немесе IMEI 4 қосыңыз.

Ескертпе:

– *Құрылғыңыздың IMEI санын тексеру үшін онда *#06# комбинациясын теріңіз.*

– *IMEI-кодтарының саны құрылғы қаптамасында көрсетілген санға сәйкес келуі тиіс.*

– *Өтінімді жібермес бұрын әрбір құрылғы бойынша дұрыс мәліметтер көрсетілгеніне көз жеткізу ұсынылады.*

Егер өтінімді ресімдеу аяқталмаса, оны жоба ретінде сақтап, кейінірек оған қайта оралуға болады. Жобаны сақтау үшін «Жоба ретінде сақтау» батырмасын басу керек (38-суретті қараңыз).



38-сурет. Жоба ретінде сақтау.

Өтінімнің жобасы сол жақтағы бүйірлік мәзірде орналасқан «Жобалар» бөлімінде сақталады (39-суретті қараңыз). Жобаны айқышты басу арқылы жоюға болады, өңдеу үшін өтінімнің өзін басу қажет.



39-сурет. Жобаны өңдеу.

8. «Мәліметтерді түзету» өтінім түрі

8.1. 1-қадам: Өтінім түрін таңдаңыз

«Мәліметтерді түзету» өтінім түрі сәтті верификациялау кезінде өтінімдерде көрсетілген қате IMEI-кодтарын түзетуге арналған. Өтінімнің бұл түрін тек жабдықты Қазақстан Республикасының аумағына жеке пайдалану үшін өз бетінше әкелетін жеке тұлғалар ғана пайдаланады (40-суретті қараңыз).



41-сурет. Мәліметтерді түзету.

8.2. 2-қадам: Қолдау қызметіне жүгіну

Верификацияға өтінімде IMEI-кодты енгізу кезінде қате анықталған жағдайда деректерді түзету үшін техникалық қолдау қызметіне жүгіну қажет. Өтінішті мына тәсілдердің бірімен жіберуге болады: 1414 қысқа нөміріне қоңырау шалу немесе imei@nitec.kz электрондық пошта мекенжайына өтінім жіберу.

8.3. 3-қадам: Растайтын құжат туралы мәліметтер

Әрі қарай міндетті өрістерді толтыру қажет (42-суретті қараңыз):

– **Бренд* (міндетті өріс) – бренд атауының алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ұсынылған тізімнен қажетті нұсқаны таңдаңыз (мысалы: App → Apple, Sam → Samsung, Hon → Honor және т.б.)**

– **Модель* (міндетті өріс) – құрылғы моделінің алғашқы бірнеше таңбасын енгізіп, ашылмалы тізімнен сәйкес мәнді таңдаңыз (мысалы: iPhone → iPhone 15, Gal → Galaxy S24 және т.б.)**

– **Сериялық нөмір (міндетті өріс) – құрылғының сериялық нөмірі қаптамада немесе смартфонның/планшеттің баптауларында көрсетілген болса, оны көрсетіңіз.**

– **IMEI * (міндетті өріс) – құрылғының қате IMEI-кодын енгізіңіз.**

– **IMEI * (міндетті өріс) – құрылғының дұрыс IMEI-кодын енгізіңіз.**



42-сурет. Құрылғы туралы мәліметтерді көрсету.

8.4. Деректерді растау және өтінімге қол қою

Барлық қажетті деректерді толтырғаннан кейін олардың дұрыстығын тексеріп, өтінімде көрсетілген мәліметтерді растау қажет.

Жеке басты растау үшін Digital ID сервисі арқылы биометриялық сәйкестендіруден өту қажет. Биометриялық сәйкестендіруден сәтті өткеннен кейін өтінімге қол қоюға көшу жүзеге асырылады (43-суретті қараңыз).



43-сурет. Биометриялық сәйкестендіруден өту

Өтінім беруді аяқтау үшін оған электрондық цифрлық қолтаңбаны (ҚР ҰКО ЭЦҚ) пайдаланып қол қою қажет. Сәтті қол қойылғаннан кейін өтінім қалыптастырылған және әрі қарай өңдеу үшін Жүйеге жіберілген болып есептеледі (44-суретті қараңыз).



44-сурет. Өтінімге ЭЦҚ арқылы қол қою.

Қол қойылғаннан кейін өтінімге өтінім нөмірі беріледі. Өңдеу мәртебесін «Барлық өтінімдер» модулінде қадағалайсыз.

Ескертпе:

Түзетуден кейінгі шектеулер

- *осы құрылғы бойынша IMEI-ді қайта түзету мүмкін емес;*
- *IMEI-ді ажырату немесе жою туралы қайталама өтінімдер автоматты түрде қабылданбайды.*

Маңызды!

- *IMEI-ді түзету – құрылғы иесінің құқықтарын қорғауға және негізсіз бұғаттаудың алдын алуға бағытталған бір реттік рәсім.*

9. Менің өтінімдерім

9.1. Құрылғыны верификациялауға арналған өтінімді өңдеу нәтижесін қарау

Өтінімді жібергеннен кейін нәтижелерді қарау үшін бүйірлік мәзірді ашып, «Менің өтінімдерім» бөліміне өтіңіз. Бұл бөлімде пайдаланушы берген барлық өтінімдердің тізімі, олардың ағымдағы мәртебелері мен құрылған күні көрсетіледі (45-суретті қараңыз).



45-сурет. Өтінімнің ағымдағы мәртебесі.

Барлық тіркелген өтінімдер жалпы тізімде көрсетіледі, онда әрбір өтінім жедел мониторинг үшін негізгі параметрлері бар жеке жолмен ұсынылған. Толық мәліметтер алу үшін қажетті жолды басу жеткілікті (46-суретті қараңыз).



46-сурет. Толық ақпаратты көру.

Өтінімнің толық ақпаратында қатенің себебі және тексеру мәртебесінің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі. Теріс нәтиже құрылғы туралы деректердің сәйкес келмейтінін немесе тексеру кезінде анықталған шектеулердің бар екенін білдіреді (47-суретті қараңыз).



47-сурет. Өңдеу нәтижесінің толық ақпараты.

Ескертпе: IMEI-ді тексерудің барлық ықтимал мәртебелері және олардың түсіндірмелері осы Пайдаланушы нұсқаулығының 1-кестесінде (№1 қосымша) келтірілген. Кестеде мәртебе кодтарының толық тізбесі, олардың сипаттамасы және бас тарту себептерін жою бойынша ұсынымдар қамтылған.

9.2. Верификациялауға арналған өтінімдердің мәртебелері

Барысты қадағалау ыңғайлы болуы үшін әрбір өтінімге оның жүйедегі ағымдағы жай-күйін көрсететін өзекті мәртебе беріледі. Бұл пайдаланушыға процестің қай кезеңде екенін: құжаттың тексеруден өтіп жатқанын немесе тексерудің сәтті аяқталғанын нақты түсінуге мүмкіндік береді.

«Менің өтінімдерім» бөлімінің интерфейсінде мынадай басқару және ақпарат беру элементтері көзделген:

– **Өтінім ID – өтінімді тіркеу кезінде жүйе автоматты түрде беретін бірегей сәйкестендіру нөмірі. Іздеу, өңдеу мәртебесін қадағалау және қолдау қызметімен өзара іс-қимыл жасау үшін пайдаланылады.**

– **Өтінім мәртебесі – өтінімді өңдеудің ағымдағы жай-күйін нақты уақыт режимінде көрсетеді. Мәртебе тексеру кезеңдерінен өту және өтінім бойынша шешім қабылдау барысында автоматты түрде жаңартылады.**

– **Өтінім түрі – пайдаланушы таңдаған өтінім түрін көрсетеді.**

– **Өтінімді өңдеу мәртебесі – өтінімді өңдеу нәтижесі бар ақпараттық хабарлама. Әрбір жолдың төменгі бөлігінде өтінімді өңдеу нәтижесі бар ақпараттық хабарлама көрсетіледі. Мәртебеге байланысты растау, сәтті верификациялау туралы хабарлама немесе өтінімнің қабылданбау себебі көрсетіледі. Қабылданбаған өтінімдер үшін қосымша анықталған сәйкессіздіктің қысқаша сипаттамасы көрсетілуі мүмкін.**

– **Күні – өтінімнің жүйеде тіркелген күні мен уақыты.**

– **Құрылғылар – пайдаланушы осы өтінім шеңберінде көрсеткен мобильді құрылғылар саны.**

– **«Жүктеп алу» функциясы кейіннен өңдеу, талдау және кестелік редакторларда деректермен жұмыс істеу үшін өтінім бойынша мәліметтерді CSV форматында экспорттау мүмкіндігін береді.**

Іздеу және тізіммен жұмыс істеу ыңғайлы болуы үшін кестенің үстінде сүзгілеу және сұрыптау құралдары көзделген:

- «Өтінім мәртебесі» сүзгісі таңдалған мәртебесі бар өтінімдерді

көрсетуге мүмкіндік береді;

- «Беттегі саны» өрісі тізімнің бір бетінде көрсетілетін өтінімдер санын баптауға мүмкіндік береді;
- «Сұрыптау» өрісі жазбалардың көрсетілу ретін өзгертуге мүмкіндік береді.

Сүзгілер мен сұрыптауды пайдалану қажетті өтінімдерді жедел табуға, оларды өңдеу барысын бақылауға және құрылғыларды верификациялау нәтижелері туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Мәртебе жүйенің орындауы және сыртқы ресурстармен өзара іс-қимыл жасауы барысында автоматты түрде өзгереді.

Ескертпе: Қабылданбау себептері және олардың сипаттамалары осы Пайдаланушы нұсқаулығының 2-кестесінде (1-қосымша) келтірілген.

10. Жүйеде мобильді құрылғылардан жұмыс істеу.

10.1. Авторизациялау және өтінім жасау (eGov mobile)

Мобильді қосымша арқылы верификацияға өтінім беру үшін мына қадамдарды орындаңыз:

- Мобильді құрылғыға eGov mobile қосымшасын орнату.
- Ұялы телефон нөмірінің Мобильді азаматтар базасында тіркелуін тексеру, қажет болған жағдайда тіркеу (нөмірді тіркеу жөніндегі нұсқаулық мына сілтеме бойынша қолжетімді: https://egov.kz/cms/ru/articles/mobilecitizen).
- eGov mobile қосымшасында авторизациялану (FaceId, жылдам қолжетімділік коды, саусақ ізі көмегімен).
- «Танымал қызметтер» бөлімінде «IMEI верификациясына өтінім» тармағын таңдау.
- Сіздің қорғалған ресурстарыңызға қол жеткізуге рұқсат беру (48-суретті қараңыз).



48-сурет. IMEI верификациясына өтінім/Әрекетті растау.

Әдепкі бойынша толтыруға қолжетімді верификацияға өтінім нысаны ашылады.

11. №1 қосымша

11.1.1-кесте. IMEI кодтарын тексеру мәртебелері

Верификацияға өтінімді/алдын ала тексеруді өңдеу барысында алынуы мүмкін IMEI кодтарын тексеру мәртебелері.

р/с №	Тексеру мәртебесі	Сипаттамасы	Жою жолдары
1.	Мұндай IMEI бар құрылғы GSMA базасында бұғатталған	Көрсетілген IMEI бар құрылғы GSMA халықаралық базасының «қара тізіміне» енгізілген. Бұл оның ұрланғанын, алдыңғы иесінің жоғалтқанын немесе басқа елде өндіруші/оператор бұғаттағанын білдіруі мүмкін. Мұндай құрылғылар Қазақстан Республикасының аумағында верификацияланбайды.	Құрылғы Сәйкестендіру кодтары дерекқорының «Ақ тізіміне» енгізілмейді.
2.	IMEI басқа өтінімде табылды	Бұл IMEI басқа белсенді өтінім шеңберінде верификацияға жіберілген. Осы өтінім бойынша тексеру әлі аяқталмаған, сондықтан өңдеудің аяқталуын күту қажет. Егер бұл өтінімді өз тізіміңізде көрмесеңіз, бұл IMEI-ді басқа пайдаланушы бергенін білдіреді. Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса, қолдау қызметіне жүгініңіз.	Осы IMEI көрсетілген алдыңғы өтінімді өңдеудің аяқталуын күтіңіз және қажет болған жағдайда осы құрылғыны верификациялауға өтінімді қайта беріңіз.

3.	IMEI саны дұрыс емес	Мәлімделген IMEI саны GSMA халықаралық базасында құрылғының осы моделі бойынша өндіруші тіркеген деректерге сәйкес келмейді. Өндіруші мәлімдеген IMEI-кодтарды құрылғының қорабынан немесе *#06# пәрменін теру арқылы таба аласыз. Құрылғының барлық IMEI-кодтарын көрсетіңіз, тіпті екінші SIM желіде пайдаланылмаса да.	Құрылғының қорабында көрсетілген мобильді құрылғының IMEI санын немесе *#06# теру арқылы тексеру қажет. Тексергеннен кейін осы құрылғы бойынша барлық IMEI-ді көрсете отырып, өтінімді қайта беру керек.
4.	IMEI коды дұрыс емес (жоқ)	Көрсетілген IMEI GSMA дерекқорында табылмады. Енгізілген деректердің дұрыстығын тексеріңіз және қажет болған жағдайда IMEI бойынша түзетілген ақпаратпен жаңа өтінім беріңіз. Өндіруші тіркеген IMEI-кодтарды құрылғының қорабынан немесе құрылғыда *#06# пәрменін теру арқылы табуға болады.	Енгізілген IMEI-дің дұрыстығын тексеріп, осы құрылғы бойынша түзетілген мәліметтерді көрсете отырып, өтінімді қайта беріңіз.
5.	IMEI желіде белсендірілмеген	Құрылғыны байланыс операторлары мобильді желіде пайдаланылған ретінде тіркемеген.	Физикалық SIM-картаны тиісті слотқа орнату арқылы немесе eSIM пайдаланылса, eSIM арқылы IMEI-ді желіде белсендіру және құрылғы желіде белсендірілгеннен кейін (операторда тіркеу пайда болғаннан кейін) верификацияға өтінімді қайта беру қажет.

6.	IMEI бұрын верификацияланған	Бұл IMEI-код бұрын басқа өтінімде сәтті верификацияланған және Қазақстан Республикасының ұялы байланыс желісінде тіркелуге қолжетімділік алған. Көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеріңіз және қажет болған жағдайда IMEI бойынша түзетілген мәліметтермен жаңа өтінім беріңіз.	IMEI үшін бұрын өтінім берілген және ол сәтті өңделген. Верификацияланған IMEI-ді верификациялауға арналған құрылғылар тізімінен алып тастап, өтінімді қайта беру қажет.
7.	IMEI желіде пайдаланылып жатыр	Мұндай IMEI бар құрылғы желіде пайдаланылып жатыр.	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады. Құрылғыны верификациялауға кедергі болып табылмайды.
8.	IMEI желіде бұғатталған	Мұндай IMEI бар құрылғы бұрын тіркелген және қазіргі уақытта желіде бұғатталған	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады. Құрылғыны верификациялауға кедергі болып табылмайды.
9.	IMEI осы құрылғыға сәйкес келмейді	Құрылғының көрсетілген бренді немесе моделі туралы мәліметтер осы IMEI бойынша GSMA халықаралық базасында өндіруші тіркеген деректерге сәйкес келмейді. Құрылғы моделі туралы ақпаратты «Баптаулар → Құрылғы туралы» бөлімінен таба аласыз, брендті мына үлгі бойынша	Құрылғының қорабынан немесе телефон Баптауларындағы «Құрылғы туралы» немесе «Телефон туралы» бөлімінен бренд пен модельді тексеріп, түзетілген мәліметтерді көрсете отырып, өтінімді қайта беру қажет. Құрылғы брендінің мысалы: Apple, Samsung, Oppo, Motorola және т.б.

		көрсету қажет: Apple, Oppo, Xiaomi, Motorola, Samsung және т.б.	
10.	Құрылғы түрі сәйкес келмейді	Көрсетілген IMEI TAC/GSMA деректері бойынша смартфонға/ұялы телефонға/планшетке жатады және «Басқа құрылғыларды верификациялау (сағаттар, модемдер, роутерлер және басқа құрылғылар)» өтінім нысанына сәйкес келмейді.	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады.
11.	Көрсетілген IMEI кодтары әртүрлі құрылғыларға тиесілі	Бұл IMEI-код GSMA халықаралық базасында өндірушілер тіркеген деректерге сәйкес құрылғының басқа моделіне/брендіне тиесілі. Көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеріңіз және қажет болған жағдайда IMEI бойынша түзетілген мәліметтермен жаңа өтінім беріңіз. Өндіруші мәлімдеген IMEI-кодтарды құрылғының қорабынан немесе *#06# пәрменін теру арқылы таба аласыз.	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады.

12.	Осы IMEI бойынша құрылғы желіде тіркелмеген	Осы IMEI-дің ҚР ұялы байланыс желісінде белсенді тіркелуі расталмады. Құрылғыңыздың IMEI-лерінің бірі желіде сіздің атыңызға тіркелгеніне және оның ұялы байланыс желілерінде белсенділік фактісі бар екеніне көз жеткізіңіз.	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады.
13.	Лимит таусылды	ҚР «Байланыс туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге байланысты экспорттаушы елге қарамастан, жеке тұлғаның күнтізбелік жыл ішінде верификациялауға қолжетімді құрылғылар санына жалпы шектеу белгіленді. Жеке тұлғаға ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын верификациялау, тіркеу және қайта тіркеу қағидаларына сәйкес жеке пайдалану үшін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген ұялы байланыстың екі абоненттік құрылғысынан артық емес құрылғыны күнтізбелік жыл ішінде верификациялауға жол беріледі.»	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады.

14.	Түзетуге жол берілмейді	Мәліметтерді түзетуге өтінім бермес бұрын қолдау қызметіне жүгіну қажет. Жүгінбестен өтінім қабылданбайды	Тексеру мәртебесі хабарламалық сипатта болады.

11.2.2-кесте Өтінімді қабылдамау себептері.

р/с №	Қабылданбау себебі	Сипаттамасы	Жою жолдары
1.	Мәлімделген құжат туралы мәліметтер расталмады	Көрсетілген құжат (сәлемдеменің трек-нөмірі, тауарларға арналған декларация, ІЖТ және т.б.) базада жоқ.	Сізге: ІЖТ немесе кедендік декларацияның дұрыс нөмірі көрсетілгеніне көз жеткізу қажет. Егер барлығы дұрыс көрсетілсе, тіркелген немесе құжаттар ресімделген жері бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына жүгіну қажет. Құжаттардың базада болмау себептерін анықтау үшін кедендік бақылау басқармасының мамандарына жүгініңіз. Осыдан кейін түзетілген мәліметтерді қайта көрсете отырып, верификацияға жаңа өтінім бере аласыз.
2.	Өтініш берушінің ЖСН/БСН-і көрсетілген құжат бойынша алушының/декларанттың деректерімен сәйкес келмейді	Растайтын құжаттағы ЖСН/БСН өтініш берушінің ЖСН/БСН-іне сәйкес келмейді.	«Өтініш берушінің ЖСН/БСН-і құжаттағы деректермен сәйкес келмейді» деген қабылданбау себебі мынаны білдіреді: Әкелуді растайтын құжат (ІЖТ/ТД/ТЭД/халықаралық пошта жөнелтілімі/Шекарадан өту фактілері туралы анықтама) өтініш берушінің ЖСН/БСН-іне сәйкес келмейтін ЖСН/БСН-ге ресімделген. Құрылғыны оны ҚР аумағына тікелей әкелген Жеке/Заңды тұлға ғана верификациялай алады. Түзетілген деректермен өтінімді қайта беру керек.
3.	Көрсетілген құрылғыларды әкелу туралы мәліметтер мәлімделген құжатта табылмады	Өтінімде көрсетілген мобильді құрылғылардың IMEI-і растайтын құжатта табылмады	Әкелуді растайтын құжатта верификацияланатын құрылғы туралы деректердің бар екеніне көз жеткізу керек. Түзетілген мәліметтерді көрсете отырып, верификацияға жаңа өтінім беріңіз.
4.	Көрсетілген құжат құрылғыларды Қазақстан аумағына заңды түрде әкелуді растамайды	Көрсетілген құжат ІЖТ/ТД/ТЭД болып табылмайды.	Растайтын құжаттың көрсетілген нөмірі ІЖТ/ТД/ТЭД-ге тиесілі екеніне көз жеткізу керек. Түзетілген мәліметтерді көрсете отырып, верификацияға жаңа өтінім беріңіз.
5.	Мәлімделген құрылғылар саны бойынша мәліметтер растайтын құжаттағы деректерге сәйкес келмейді	Өтінімде көрсетілген мобильді құрылғылардың IMEI-і растайтын құжатта табылмады	Әкелуді растайтын құжатта верификацияланатын құрылғы туралы деректердің бар екеніне көз жеткізу керек. Түзетілген мәліметтерді көрсете отырып, верификацияға жаңа өтінім беріңіз.
6.	Құжат көрсетілген	Анықтаманың орнына басқа	Верификацияға өтінімде дәл Мемлекеттік шекарадан өту фактілері

	құрылғыларды заңды түрде әкелуді растамайды	нәрсе қоса берілген кезде (мысалы, паспорттың фотосы, брондаудың скриншоттары және т.б.) Іс жүзінде құжат шекарадан өту туралы анықтама болып табылмайды.	туралы анықтаманы PDF форматында қоса беру қажет (өзге құжаттарға жол берілмейді) Шекарадан өту фактілері туралы анықтама алу қажет. ҚР азаматтары Мемлекеттік шекарадан өту фактілері туралы анықтаманы PDF форматында ҚР визалық-көші-қон порталында мына мекенжай бойынша ала алады: https://vmp.gov.kz/. Бейрезиденттер анықтаманы «QazETA» мобильді қосымшасында ала алады (анықтамада ЖСН, келген күні, Қазақстанға келген ел, мемлекеттік органның QR-коды міндетті түрде көрсетілуі тиіс). Шекарадан өту фактілері туралы анықтаманы алғаннан кейін верификацияға өтінімді қайта беру керек. Бейрезиденттер профильді өңдеу нысанындағы «ҚР азаматы» тармағында, егер пайдаланушы шетел азаматы болса, белгіні (құсбелгіні) алып тастауы қажет.
7.	Құрылғының елге әкелінгені туралы мәліметтер расталмады.	Құрылғының елге әкелінгені туралы мәліметтер базада расталмады.	Бұл мәртебе өтінімнің автоматты тексеруден өтпегенін білдіреді, себебі қауіпсіздік жүйесі өтінімді заңсыз верификациялауға тән белгілерді (өтінім берудің стандартты емес параметрлерін) анықтады. Мұндай тексерулер азаматтарды олардың дербес деректері мен ЭЦҚ-сын үшінші тұлғалардың пайдалануынан қорғауға бағытталған. Өтінімді қайта беру үшін жеке құрылғыңызды және өзіңіздің интернет қосылымыңызды пайдалануды, сондай-ақ өтінімді тек өз атыңыздан беруді ұсынамыз. Сұрақтар туындаған жағдайда өтінім нөмірін көрсете отырып, imei@goscorp.kz электрондық поштасы арқылы техникалық қолдау қызметіне хабарласуыңыз қажет.
8.	Шекарадан өту туралы анықтамада өтініш беруші сәйкестендірілмеген.	Анықтама басқа тұлғаға берілген кезде немесе анықтамада өтініш беруші туралы мәліметтер болмаған кезде ҚР азаматтары үшін ЖСН жоқ; шетелдіктер үшін – өтініш берушінің ТАӘ және/немесе	Құрылғыны верификациялау оны ҚР аумағына тікелей әкелген жеке тұлғаның ғана мүмкін. Шекарадан өту туралы анықтамада өтініш берушінің ЖСН-і көрсетілуі тиіс.

		паспорт нөмірі жоқ).	
9.	Анықтамадағы келген күні өтінімде көрсетілген әкелу күніне сәйкес келмейді.	Өтінімдегі келген күн анықтама мәліметтеріндегі Қазақстанға келген күнге сәйкес келмеген кезде.	Шекарадан өту фактілері туралы анықтамадағы мәліметтер өтініш берушінің верификацияға өтінімде көрсетілген күндері Қазақстанға келу фактісін растауы тиіс. Егер жол бағыты басқа елде ауысып отыруды (транзитті) қамтыса, «Экспорттаушы ел» бағанында Қазақстан Республикасына келу жүзеге асырылған соңғы елді (транзиттік ел) көрсету қажет. Анықтаманы сұрату кезінде күндердің неғұрлым кең ауқымын (±2–3 күн) көрсетуді және өтінімді толтыру кезінде деректерді мұқият тексеруді ұсынамыз. Бұл, әсіресе, сапар үшінші елдер арқылы ауысып отыруды немесе транзитті қамтыған жағдайларда маңызды.
10.	Анықтамадағы келу туралы мәліметтер өтінімге сәйкес келмейді	Мемлекеттік шекарадан өту фактілері туралы анықтамада шекарадан өту фактілері туралы мәліметтер жоқ немесе анықтамадағы елге келген күн верификацияға өтінімде көрсетілген келу күндерімен сәйкес келмейді. 1. Өтінімдегі және анықтамадағы ел сәйкес келмеген кезде 2. Анықтамада келудің орнына кету көрсетілген кезде Анықтамада келу туралы ешқандай ақпарат болмаған кезде (бос анықтама)	Шекарадан өту фактілері туралы анықтаманы қайта сұрату қажет. Алынған құжатты тексеріп, осыдан кейін құрылғыны верификациялауға өтінім беру. Шекарадан өту туралы анықтамадағы көрсетілген деректерді тексеріңіз және осыдан кейін дұрыс мәліметтерді көрсете отырып, құрылғыны верификациялауға өтінімді қайта беріңіз. Верификацияға өтінімде әкелу елі ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтер алдындағы соңғы елді (транзиттік елдерді қоса алғанда) көрсету қажет. Мысалы, егер Сіз АҚШ-тан Қазақстанға Түркия арқылы (ауысып отырумен) ұшып келсеңіз, өтінімде әкелу елі ретінде «Түркия» көрсету қажет Шекарадан өту фактілері туралы анықтамадағы мәліметтер өтініш берушінің верификацияға өтінімде көрсетілген елден және күндері Қазақстанға келгенін растауы тиіс.